

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

«БЕКТЕМІН»

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз
инновациялық институтының
президенті, т.ғ.д.

Н. Муслимов

2023 ж.



**КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІНІҢ
ЕРЕЖЕСІ
СМЖ ҚЕ 1-3-1-2023**

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Тараз 2023 ж.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	ҚЕ 1-3-1-2023
	Комплаенс-қызметінің ережесі	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2023

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Әзірлегендер:** - Институттың вице-президенті М.Н. Сарыбеков
- 2 Келісіді:**
- Персоналды басқару және құжат айналымы
Басқармасының басшысы К.М. Сихаева
 - Заң басқармасының басшысы Е.Е. Матжанов
 - Сапа, аккредиттеу және рейтинг»
басқармасының басшысы Б.К. Жундибаева
 - Кәсіподақ комитетінің төрайымы Ш.И. Алимкулова

Институт Президентінің 31.08.2023 ж. № 216 бұйрығымен бекітілді және іске қосылды.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	ҚЕ 1-3-1-2023
	Комплаенс-қызметінің ережесі	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2023

МАЗМҰНЫ

№		беті
1	Жалпы ережелер.....	4
2	Комплаенс-қызметінің негізгі жұмыс бағыттары.....	4
3	Мақсаттары.....	5
4	Міндеттері.....	6
5	Құқықтары.....	6
6	Жауапкершілік.....	7
7	Келісу парағы.....	8
8	Танысу парағы.....	9
9	Тарату парағы.....	10
10	Өзгерістер енгізу парағы.....	11

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	ҚЕ 1-3-1-2023
	Комплаенс-қызметінің ережесі	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2023

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының (ары қарай - институт) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық актілеріне сәйкес әзірленген. Ереже сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерінің мәртебесін, өкілеттіктерін және жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

Бұл Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) мүдделер қақтығысы - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) педагогикалық комплаенс - әдеп нормаларын бұзушылықтардың мониторингі мен профилактикасына, педагог имиджін және білім беру ұйымының беделін сақтауға бағытталған бастамалар кешені.

2. КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құрылтай құжаттарына сәйкес штат санын ұлғайтпай, ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымдық бөлімшесіне тиісті функциялар арқылы бекітіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтері қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтеріне арналған нұсқаулық негізінде әзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады және құрылтай құжаттарына сәйкес бекітіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт институттың ресми интернет-ресурсында орналастырылады және институттың барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	ҚЕ 1-3-1-2023
	Комплаенс-қызметінің ережесі	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2023

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, бекітілген құрылымға және штат санына сәйкес институт Президентіне және/немесе Корпоративтік кеңесіне бағынады және есеп береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдауда және іске асыруда тәуелсіз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлерін тағайындау және босату институттың құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін бағалауды ұсынылған есептер мен қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпарат негізінде Президент немесе Корпоративтік кеңес жүргізеді.

3. МАҚСАТТАРЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің негізгі мақсаты – институттың және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне басшылықтың мүдделілігі;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің ақпараттық ашықтығы;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функциялары:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясатын әзірлейді;

2) Институттың ерекшелігін ескере отырып, институт қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

4) Корпоративтік этикалық құндылықтарды насихаттайды;

5) Институт қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және корпоративтік Әдеп кодексіні сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

6) Институт қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	ҚЕ 1-3-1-2023
	Комплаенс-қызметінің ережесі	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2023

7) Институт құрылымдық бөлімшелердің және қызметкерлердің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламасын орындауына мониторингті әзірлейді және жүргізеді;

8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес институт қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша үйлестіреді;

9) Институтта сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды жүзеге асырады;

10) Институтта орын алған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

11) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің тиісті ақпаратын тыңдайды;

12) Институт басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

13) Қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептер мен ақпаратты институт Президентіне ұсынады;

14) Жылына бір рет Корпоративтік кеңеске атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

4. МІНДЕТТЕРІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

1) Институт туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

2) Сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүтінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы институт Президентін немесе Корпоративті кеңесті уақтылы хабардар етеді;

4) Институт қызметкерлерінің әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті дәлелдемелермен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға береді;

5) Қызметтік және кәсіптік әдеп талаптарын сақтайды.

5. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құқықтары:

1) Ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде институттың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) Өз құзыретіне жататын мәселелерді институттың Корпоративтік кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасауға құқылы;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	ҚЕ 1-3-1-2023
	Комплаенс-қызметінің ережесі	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2023

бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға құқылы;

4) институт қызметкерлерінен қызметтік тергеп-тексерулер шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етуге құқылы;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды Корпоративтік кеңес қарауына ұсыну;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыста консультациялық көмек көрсету.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

Ережені әзірлеу, оның құрылымы, енгізу және өзектендіру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметкері жауап береді.

Ереженің уақтылы әзірленуін, тексерілуін және қайта қаралуын бақылауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметкері жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шеңберінде қарастырылатын мәселелерді және қабылданған шешімдерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметкері қадағайлайды.



Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

Дан

Варта

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	ҚЕ 1-3-1-2023
	Комплаенс-қызметінің ережесі	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2023

7. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Келісілді:			
Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасының басшысы	Қ.М. Сихаева		28.08.2023 ж.
Заң басқармасының басшысы	Е.Е. Матжанов		28.08.2023 ж.
Сапа, аккредиттеу және рейтинг» басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева		28.08.2023 ж.
Кәсіподақ комитетінің төрайымы	Ш.И. Алимкулова		28.08.2023 ж.

